

Сабақтың тақырыбы:

Мәтін түрлері

Бастауыш сынып мұғалімі

Жолдасбаева Баян Исаиновна

Мақсаты:

Білімділік: мәтін туралы өтілген білімді жинақтау, мәтіндегі негізгі ойды анықтау, мәтін түрлерін ажырату. Өз бетімен жұмыс жасауы арқылы теориялық ойлауын сөйлеу тілін дамыту.

Дамытушылық: мәтін туралы берілген түсінікті кеңейту мәтіндегі азат жолдың рөлін байқату. Мәтінге сөйлем қосып толықтыру берілген тақырып бойынша мәтін құрастыру.

Тәрбиелік: ұйымшылдыққа, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Мәтінді түсініп оқы.

Ердостың атасы - шопан. Қыстың суық бір күні атасының қызуы көтеріліп, жатып қалды. Шашқан шөпті лезде тауысқан қойлар маңырай бастады. Атасының тынышы кетті. Біраздан соң ол ауырғанына қарамай, киініп сыртқа шықты. Қорада мал да, ерттеулі ат та жоқ. Қарт алысқа көз салды. Малды өріске айдап бара жатқан немересін көрді. Ол Ердос еді.

1. Мәтінде кім туралы айтылған?
2. Ол қандай бала?



Берілген жоспар бойынша әңгіме құра:

- 1. Күзгі дала көрінісі**
- 2. Құстардың жылы жаққа қайтуы**
- 3. Күзгі еңбек**

Күзгі дала көрінісі.



Құстардың жылы жаққа қайтуы



Күзгі еңбек




Орны ауыстырылып берілген сөйлемдерден мәтін құрындар

Күшіктің көкірегі ақ болғандықтан оған Ақтөс деп ат қойды. Күшік Кәмшатқа бірден ұнады. Бір күні әкесі Кәмшатқа күшік әкелді. Күшік доп-домалақ, өте әдемі және тыным таппайды.



Лашын-сұңқар тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Лашынның ту сырты көк сұр немесе қара сұр, ал алқымы ақ сұрлау болып келеді. Көзі дөп-дөнгелек, қап-қара. Қанаты ұзын және сүйір, саусақтары салалы.

Сызба бойынша әңгімелеу мәтінін құрастыр



Әңгімені оқы

Атасы қасқырдың күшігін алып келді. Күшік көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. Жұрт асырауға көнеді десті.

Кішкене Құрмаш Көксерек деп ат қойды. Түнде қасына алып жатады. Сол үшін кәрі әжесінің қойнынан да шығып кетті. Бөлек жатады. Қасында не аяқ жағында көрпеннің астында Көксерек жатады.

Көксерек ауыл итінен қорлық көрді. Бірде-бір ит мұны дос көрмейді. Қасқырға шабатың батыл төбеттер мұны талап тастайды.

Жаз ортасы ауған кезде Көксерек зіңгіттей көк шолақ қасқыр болып шықты. Енді қарала төбет те талай алмайды.

Қамбар Уәлиев «Көксерек»
фильміндегі Құрмаштың ролінде



Мұхтар Әуезов



Туған халқына
мәңгілік мұра
болғандай
ғасырлық
туынды сыйлау
тек қадау- қадау
ұлылардың ғана
үлесіне тиген.
Солардың бірі –
Мұхтар Әуезов

З. Қабдолов